

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
« СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР» ФАКУЛЬТЕТІ
«ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ» КАФЕДРАСЫ

«Дене мәдениеті» кафедрасының 2024-2025 оқу жылғы тәлімгерлік
тәрбие жұмыстарының жарты жылдық

ЕСЕБІ

«Бекітемін»
Спорт және өнер факультетінің деканы
А.Рахымжанов
« 11 » 05 2025 ж.

«Келісілді»
«Дене мәдениеті» кафедрасының
меңгерушісі: А.Алтынбеков
« 11 » 06 2025 ж.

Магистр оқытушы:

А.Кенесбай

Түркістан 2025 ж.

1. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бағыты бойынша.

Бүгінгі таңда университет студенттеріне әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, студенттердің рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлау білу мүмкіндігін жетілдіру және университет қабырғасында әр студенттің тәрбиелік мәдениеттілігі мен білімділігін, іскерлігін арттыру университеттің тәрбие жұмыстарының ережесінің міндетіне айналып, бүгінгі студенттердің Дене мәдениеті кафедрасының тәрбие жұмыстарының жоспарын университет ережесіндегі негізгі мақсатын айқындап қойған.

2. Мәдени, тәрбиелік және қоғамдық іс-шаралар бағыты бойынша



Дене мәдениеті кафедрасы МДШ-411, МДШ-412, МДШ-311, МДШ-312, МДШ-313 топтарында атқарылатын тәлімгерлік жұмыс жоспары кафедра мәжілісінде талқыланып, бекітілді. Студенттердің әлеуметтік жағдайымен танысып, топтағы белсенді студенттер тағайындалды. Студенттердің сабаққа уақытылы кешікпей келуін, сабақ үстінде материалды мұқият тыңдап, жазып отыруы қадағаланды. Студенттердің киім кию мәнері, адамгершілік, имандылық, көпшілік алдындағы парызы сияқты мәселелерге жиі тоқталып, тәрбие сағатында қарастырылып отырды. Тарихи маңызы бар мұражайлар, ескерткіштер туралы студенттерге түсіндірме жұмыстары тәрбие сағатында айтылып отырды. Барлық топтарда әр айда екі рет тәрбие сағаты жоспар бойынша өткізілді. Студенттер №481 бұйрықпен таныстырылып, сессияның өтілу барысымен таныстырылды.

1-қыркүйек-білім күніне арналған топ эдвайзерлерінің студенттерімен тәрбие сағаты

1-қыркүйек-білім күніне арналған топ эдвайзерлер студенттермен тәрбие сағатын өткізді, атап айтқанда МДШ-216 тобының эдвайзері Еербол Абуов, Төрехан Кулманбетов т.б эдвайзерлер күн тәртібіне сәйкес тәрбие сағатын өтті.

Күн тәртібінде студенттермен танысып, әр студенттің жағдайын сұрап, сабаққа қатысу деңгейін жоғары болуы жеткізілді. Студенттерді 1 қыркүйек Білім күні мен құттықтап, алдағы оқу жылында оқуда биік шыңдардан көріне берулеріне және университетіміздің, факультеттің, кафедраның қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысуларын талап етті.

Сонымен қатар, университеттің тәрбие жұмысы бойынша жоспары, оқу үдерісі және ішкі тәртібімен таныстырылды.







Есірткіге, нашақорлыққа қарсы болуға және салауатты өмір салтын ұстануға шақырады атты кездесу

Түркістан облысы полиция департаментінің–Еліміздің жастарын Есірткіге, нашақорлыққа қарсы болуға және салауатты өмір салтын ұстануға шақырады атты тақырыпта Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттерімен 5.09.2025 ж. Сағат 15:00 кездесу өтті. Бұл кездесуге Дене мәдениеті кафедрасы, Спорт және өнер факультетінің деканының 5.09.2025 жылғы өкімі негізінде МДШ-313, МДШ-311 топтарын сол топтың эдвайзері магистр оқытушы Т.Кулманбетов қатысты

Түркістан облысы полиция департаментінің өкілдері төмендегіні жеткізді: **Есірткі адам ағзасына өте зиян.** Ол тек денсаулыққа ғана емес, адамның психикасына, өмір салтына және болашағына да ауыр соққы береді. Қысқаша айтсақ, зияны мынадай:

- **Ми мен жүйке жүйесіне:** ойлау қабілеті төмендейді, есте сақтау нашарлайды, тәуелділік пайда болады.
- **Жүрек пен қан тамырларына:** жүрек соғысы бұзылады, инфаркт пен инсульт қаупі артады.
- **Бауыр мен бүйрекке:** ағзаны уланудан тазалайтын мүшелер істен шығуы мүмкін.
- **Психикалық денсаулыққа:** депрессия, үрей, агрессия, тіпті психозға дейін апарады.
- **Әлеуметтік өмірге:** оқу, жұмыс, отбасы, достармен қарым-қатынас бұзылады.

Ең қауіптісі — **тәуелділік.** Адам бір рет бастап, кейін өз еркін жоғалтып алуы мүмкін. Сондықтан есірткіден алыс болу — денсаулықты, өмірді және болашақты қорғау.



Адал сағатын өткізу

ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Түркістан облысы бойынша департаментімен және Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетінің басшылығымен бірлесе отырып Адал сағаты тақырыбында кітапхана орталығының конференция залында кездесу өткізілді.

Адалдық – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Адал адам әрқашан шындықты айтып, өз ісіне жауапкершілікпен қарайды. Адалдық бар жерде сенім, әділдік және сыйластық болады. Сондықтан адал болу – әрбір адамның өмірлік қағидасы болуы тиіс.

Қазіргі қоғамда адалдықтың маңызы өте зор. Адамдар бір-біріне сенбесе, қоғамда тәртіп те, тұрақтылық та болмайды. Адалдық тек сөзбен емес, іспен дәлелденеді. Сабақта адал оқу, емтиханда көшірмеу, өзгенің еңбегін бағалау – адалдықтың нақты көріністері.

Адалдық адамды дұрыс жолға бастайды. Ал өтірік айту мен алдау уақытша пайда әкелуі мүмкін, бірақ оның соңы өкінішке ұрындырады. Халқымыз «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деп бекер айтпаған. Шындық әрқашан жеңеді.

Сонымен қатар, адалдық зиянды әдеттерден, соның ішінде есірткі сияқты қауіпті нәрселерден аулақ болуға көмектеседі. Адал адам өз өміріне, денсаулығына және болашағына жауапкершілікпен қарайды. Ол өзіне де, айналасына да зиян келтірмейді.

Кездесу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі аспектілері оның ішінде негізгі алдын алу шаралары жан-жақты талқыланды

Осындай іс-шаралар кәсіби этиканы ілгерілетуде маңызды рөл атқарады және біздің жұмысымызда ашықтық пен заңның үстемдігіне ұмтылысымызды көрсетеді.



Республика күніне орай өткізілген Әнұран челленджі



Өтетін орын: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Бүгін Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 3-ші ғимарат алдындағы алаңда университет студенттері мен профессор-оқытушы құрамы және университетіміздің ректоры Ж.А.Темірбекова және Әлеуметтік-мәдени даму вице ректоры Е.М.Төлегеновтың бастауымен 25 қазан Республика күніне орай Әнұран челленджі ұйымдастырылды.

Әнұран – рух күш береді.

Ол адамға сенім ұялатады, жүректі тіктейді, елге деген мақтаныш сезімін оятады. Қиын сәтте де, қуанышта да бойға қуат құяды.

Әнұран шырқау челленджіне алдыңғы қатарда Дене мәдениеті кафедрасы оқытушы-профессор құрамы және студенттері тұрды.



Дене мәдениеті кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, ұлағатты ұстаз Оразбаев Ерғали Дүйсенбекұлын еске алуға арналған студенттер арасында волейболдан жарыстың қорытындысы

Ұлағатты ұстаз, дене мәдениеті кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Оразбаев Ерғали Дүйсенбекұлын еске алуға арналған студенттер арасындағы волейбол жарысы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті.

Жарыстың негізгі мақсаты – марқұм ұстаздың жарқын бейнесін, спорт пен білім саласына сіңірген еңбегін студенттерге үлгі ету, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту болды.

Сайысқа оқу орнының әртүрлі факультеттерінен құралған студенттік командалар қатысып, өзара тартысты әрі әсерлі ойын өрнегін көрсетті. Жарыс барысында қатысушылар ұйымшылдық, спорттық шеберлік және әділ бәсеке қағидаларын сақтай отырып, жоғары дайындық деңгейін дәлелдеді.


Турнир қорытындысы бойынша:

- I орын – _____
- II орын – _____
- III орын – _____

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ұйымдастырушылар тарапынан дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Аталған жарыс Ерғали Дүйсенбекұлының студенттерге деген қамқорлығы мен спортқа деген сүйіспеншілігін еске салып, тағылымды әрі тәрбиелік мәні зор іс-шара ретінде есте қалды.





Дене мәдениеті кафедра магистр оқытушы

Аңсат Кеңесбай